«Бекітемін»
Мектеп директоры:
С. Шокаманов

**«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС отырыстарының жоспары**

**2021-2022 оқу жылы**

| Отырыс | Күн тәртібінде | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| I | 1. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын таныстыру.<br>2. ҚР білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстыру.<br>3. Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу (төрағасы, орынбасар, жауапты хатшы).<br>4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары.<br>5. 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие, әлеуметтік сала бойынша мектептің дамуы.<br>6. «Мектепке барар жол», «Қамқорлық» акцияларын ұйымдастыру және өткізу | 28 тамыз | Ө. Есіркепов<br>М. Суннатиллаева<br>С. Шокаманов<br>Ө. Есіркепов<br>Т. Үсенов<br>Ж. Омарбеков<br>Н. Ниязбеков |
| II | 1. «Мектепке барар жол», «Қамқорлық» акциялары барысында әлеуметтік көмектің көрсетілуі туралы есеп тыңдау.<br>2. Сәтсіз отбасылар, қамқорға алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру.<br>3. Мұғалімдер мен ата-аналардың «қиын» немесе «қиынға бейім» балалармен біріккен жұмысы. | 28 қазан | Н. Ниязбеков<br>Н. Ниязбеков<br>А. Жаңылбекова |
| III | 1. I жарты жылдықта атқарылған жұмыстың есебін | 25 желтоқсан | С. Шокаманов |

Scanned by TapScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тыңдау. Мектеп директоры С. Шокамановтың 2021-2022 оқу жылының І жарты жылдығы бойынша білім беру ұйымының қызметі, білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуы туралы есебі. | | |
| IV | 1. «Қамқорлық» акциялары барысында әлеуметтік көмектің көрсетілуі туралы есеп тыңдау.<br>2. Қиын топқа жататын оқушылардың сабаққа қатысу деңгейіне сараптама қорытындысы | 20 наурыз | Н. Ниязбеков<br>А. Жаңылбекова |
| V | 1. Оқу-материалдық базасының сақталуы мен үнемі толтыруын қамтамасыз ету.<br>2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға көмек көрсету<br>3. 2021-2022 оқу жылының ІІ жарты жылдығы бойынша білім беру ұйымының қызметі, білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуы туралы есебі. | 12 мамыр | Ө. Есіркепов<br>Т. Үсенов<br>Н. Ниязбеков<br>С. Шокаманов |

**Дайындаған: ДТІЖО Т. Үсенов**

Scanned by TapScanner

«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебі бойынша

Қамқоршылық кеңестің отырысы

**Хаттама № 1**

**Өткізілген күн:** 28.08.2021 жыл

**Қатысқандар:** мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, қамқоршылық кеңесі төрағасы, хатшысы, мүшелері, ата-аналар комитеті, мүшелері

**Күн тәртібі:**

1. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын таныстыру.
2. ҚР білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстыру.
3. Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу (төрағасы, орынбасар, жауапты хатшы).
4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары.
5. 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие, әлеуметтік сала бойынша мектептің дамуы.
6. «Мектепке барар жол», «Қамқорлық» акцияларын ұйымдастыру және өткізу.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Ө. Есіркепов кеңес мүшелерінің жаңа құрамын таныстырып өтті

1. Есіркепов Өмірхан - Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
2. Омаров Бердібек - Қамқоршылық кеңесінің төрағасының орынбасары,
3. Жұмаханов Сайлаубек - мүшесі
4. Ниязбеков Тұралы – мүшесі
5. Елеуов Сейдехан - мүшесі
6. Төлбасиев Гулназык - мүшесі
7. Абылбеков Аят - мүшесі
8. Толбасиев Тасболат - мүшесі
9. Жұманов Нұрмат - мүшесі
10. Суннатиллаева Майра - хатшы

Мектеп директоры С. Шокаманов ҚР білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен және Жалпы ережелерімен, Қамқоршылық кеңес қызметімен және оның сайлау тәртібімен таныстырды.

Scanned by TapScanner

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Ө. Есіркепов кеңес мүшелерінің міндеттері жайында түсіндіріп берді

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің төрағасы Ө. Есіркепов Тәрбие ісінің меңгерушісі Т. Үсеновпен 2021-2022 оқу жылына бірлесе дайындаған жұмыс жоспарымен таныстырды, ал отырыс мүшелері болса осы жұмыс жоспарымен келісті. Өткен оқу жылындағы оқу-тәрбие, әлеуметтік сала бойынша атқарылған жұмыстарға шолу жасап, оған Қамқоршылық кеңес тарапынан қосқан үлес, көмек турасында сөз етті . Мектептің даму барысы қаншалықты іске асқаны туралы айтты .

Төртінші мәселе бойынша «Мектепке барар жол», «Қамқорлық» акцияларын ұйымдастырылуы және өтілу барысы жайлы әлеуметтік – педагог Н. Ниязбеков мәлімет берді.

**Қаулы:**

1. 2020-2021 оқу жылында қамқоршылық кеңес ұйымы тарапынан атқарылған жұмыстардың есебі «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. 2021-2022 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін және өз деңгейінде жүргізіліп, іске асырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Есіркепов Өмірхан

Хатшы: Суннатиллаева Майра

Scanned by TapScanner

«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебі бойынша
Қамқоршылық кеңестің отырысы

## Хаттама № 2

**Өткізілген күн:** 28.10.2021 жыл
**Қатысқандар:** мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, қамқоршылық кеңесі төрағасы, хатшысы, мүшелері, ата-аналар комитеті, мүшелері

## Күн тәртібі:

1. «Мектепке барар жол», «Қамқорлық» акциялары барысында әлеуметтік көмектің көрсетілуі туралы есеп тыңдау. Н. Ниязбеков
2. Сәтсіз отбасылар, қамқорға алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру. Н. Ниязбеков
3. Мұғалімдер мен ата-аналардың «қиын» немесе «қиынға бейім» балалармен біріккен жұмысы. А. Жаңылбекова

## Тыңдалды:

Жиналыста қамқоршылық кеңес төрағасы Ө. Есіркепов ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті. Кезекті әлеуметтік педагог - Н. Ниязбековтің баяндамасына берді. Н. Ниязбеков оқу жылы басында жетім, жартылай жетім, көп балалы, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының тізімі сынып жетекшілерімен бірлесе отырып алынып, соның нәтижесінде мектептің «Әлеуметтік паспорты» жасалғанын айтып өтті. Сонымен бірге көмекке мұқтаж отбасы балаларына «Мектепке барар жол», «Қамқорлық» акциялары барысында әлеуметтік көмектің көрсетілуі – 4 оқушыға жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен, ал 6 оқушыға демеушілер тарапынан оқу құралдары мен мектеп формасын алып беру үшін көмек көрсетілгенін баяндады.

Н. Ниязбеков сонымен бірге күн тәртібіндегі мәселе сәтсіз отбасылар, қамқорға алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру туралы өз ойын ортаға салып, Ж. Исмайлов, А. Муштаев секілді жеке кәсіпкерлер тарапынан үнемі көмек беріліп отырғанын және басқа да жеке кәсіпкерлерді де атап өтті. Демеушілікке тарту, ынталандыру, оларды да мектеп әкімшілігі тарапынан «Алғыс хаттармен» мадақтап отыру жолдарын ұсынды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологы А. Жаңылбекова сөйледі. Өз сөзінде «қиын оқушылардың пайда болу себептерінің ата-анаға байланысты жақтары» жөнінде баяндама жасап, қиын балалармен қандай жұмыс атқару керек және оларды дұрыс жолға қоюына

Scanned by TapScanner

ата-аналардың көп көмегі керегі екендігіне тоқталып өтті. Ал әр сынып жетекшілері ата-анамен тығыз байланыс жасап, қиын оқушылардың тәртібі мен мінез-құлықтары, сыныптан тыс іс-шараларға қатыстыруына назар аудару туралы айтты.

**Қаулы:**

1. «Мектепке барар жол», «Қамқорлық» акциялары барысында әлеуметтік көмектің көрсетілуі және сәтсіз отбасылар, қамқорға алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру туралы есептер «қанағаттанарлық» деп танылсын және көмекке мұқтаж отбасы балаларына көмекке демеуші тарту жүйелі жолға қойылсын, ұйымдастыру әлеуметтік педагог Н. Ниязбековке жүктелсін .
2. Мұғалімдер мен ата-аналардың «қиын» немесе «қиынға бейім» балаларды қадағалау тәрбиелеу турасындағы біріккен жұмыс жоспары өз дәрежесінде жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Ө. Есіркепов

Хатшы: М. Суннатиллаева

Scanned by TapScanner

**«Қаражон шағын жинақталған жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша**

**Хаттама № 3**

2021 жылы 25 желтоқсанда «Қаражон» мектебінде қамқоршылық кеңесінің отырысы болып өтті.

**Қатысқандар:** мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, қамқоршылық кеңесі төрағасы, хатшысы, мүшелері, ата-аналар комитеті, мүшелері

**Мәжіліс төрағасы:** Ө. Есіркепов

**Мәжіліс хатшысы:** М. Суннатиллаева

**Күн тәртібінде:**

I. Мектеп директоры С. Шокамановтың 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша білім беру ұйымының қызметі, білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуы туралы есебі.

Баяндамашы : С. Шокаманов

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры С. Шокаманов I жарты жылдықта атқарылған жұмыстардың есебін берді. Жүргізілген жұмыстар бойынша жеткен жетістіктер мен тоқсандық қорытындыларды кеңес мүшелеріне түсіндіріп өтті. I жарты жылдық қорытындысында 11-сынып бойынша ҰБТ көрсеткіші 71%, 9-сыныптар бойынша көрсеткіш 46% , ал мектеп бойынша білім көрсеткіші – 3.8, білім сапасы- 58% жетіп отыр.

2021-2022 оқу жылында «Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебінде сынып комплектісі - 14, ондағы оқушы саны – 162 . Сабақ беретін мұғалімдер – 45, оның жоғары білімдісі - 44, арнаулы орта-1 . Оның ішінде жаңа квалификация бойынша категориялар: педагог- зерттеуші – 6, педагог-сарапшы - 8, педагог-модератор – 8; қалғаны санаты жоқ мұғалімдер.

2021-2022 оқу жылының I тоқсанында мектепте COVID -19 инфекциялық вирусының таралуының алдын алу мақсатында 1-11 сынып оқушыларын кезекші сынып режимінде оқытуды ұйымдастыруда «Жалпы білім беру ұйымының /«кезекші сынып»/ карантин кезеңіндегі

жадынамасымен, қойылатын талаптарымен ата-аналарды толық таныстыра отырып, «Өтініштерін» жинақтау, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау жөнінде келісімдерін алу жұмыстары жүргізілді.

Балалардың өмір қауіпсіздігін мақсатында барлық қызметкерлер және балаларды күнделікті тіндетті сүзгіден (фильтр) өткізіліп, маска тағуы қадағаланды, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды орындауын тексерілді және қол жуатын орынмен, санитайзер, антисептиктермен қамтамасыз етілді, оларды талапқа сай пайдалануын қатаң назарда болды.

Сыныптарда оқушылар арасында бекітілген сабақ кестесіне сәйкес оқу кезінде және оқудан тыс мезгіл мектеп ауласы мен дәлізінде короновирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың (маскалық режимде, 1,1.5 м. арақашықтықта) сақталуын қатаң түрде күнделікті қадағаланып, орындалуын талап ету және ата-аналар мен оқушылардың жауапкершілігін аттыру мақсатында жұмыстар жасалды.

Мектеп дәстүрлі форматта оқыды. Сабақтар, тәрбие сағаттары короновирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында 1-11 сыныптарда санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды (маскалық режимде, 1,1.5 м. арақашықтықта) сақтай отырып өтілді.

Мектеп оқушыларын дәрігерлік бақылаулардан өткізіп, үнемі дәрігердің назарында болып есепке алынып отыр. Оқу жылының басынан бастап мектепте жүргізілген пәндер бойынша байқау тестердің кестелері жасалынып, тиісті сынақтар өткізіліп тұрды.

Мектептегі бастауыш, математика, тарих, қазақ тілі, информатика, физика, мультимедия, АӘД пәндерінің кабинеттері жабдықталды, өңделді. Мектепке қатысты 7 мөлтекауданға тұрақты түрде мұғалімдер бекітілген. Оқу жылында 1-11-сыныптар жаңартылған білім мазмұнының оқу бағдарламасына сәйкес оқытылып жатыр. Құрылған пән бірлестіктердің тақырыптарына сай, өз міндеттерін талапқа сай атқарып отыр. 3 мұғалімнің іс-тәжірибесі мектепішілік, 2 мұғалімдікі қалалық, 2 мұғалімнің іс-тәжірибесі облыс деңгейінде тарқатылды. 2021-2022 оқу жылынан бастап, сабақ ұзақтығы 40 минутты құрайды барлық сыныптарға 6 күндік оқу аптасына көшу талабы бекітілді. Осы бағытта қазір жұмыс жүргізіп келеміз. Сенбі күні тәрбие сағаттары, үйірме жұмыстары, қосымша сабақтар мен ББЖМ-ға дайындық жұмыстары жүргізілуде. Оқу – тәрбие жұмыстары жоспарға сәйкес атқарылуда.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының аясында «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының аясында мектепішілік

Scanned by TapScanner

іс-шаралар жоспары жасалып, соған сәйкес біршама жұмыстар жүргізілуде. Мектеп мұғалімдер насихат тобы құрылып, мектеп ұжымы, ата-аналар мен оқушылар арасында Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жайында мағлұматтар беріліп, насихатталды.

2021-2022 оқу жылында қамқоршылық кеңесінің мүшелері 9 адамнан құрылып, жылдық жоспары жасалынды. Қорғаншылық және қамқоршылық мүшелерінің ұйғарымы бойынша оқу жылының барысында әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы отбасы балаларының тізімі жасалды. Жеке кәсіпкерлер демеушілігімен мектеп әкімшілігінің, қамқоршылық кеңес мүшелерінің келісімімен 8 оқушыға, қажетті оқу құралдары, мектеп формасы, спорттық киімдер, азық түліктер үлестіріп берді.

Мектепте арнайы «Әлеуметтік бұрыш» ұйымдастырылған. Мөлтекаудан бойынша әлеуметтік қамқорлыққа алынатын оқушылардың тізімі сынып жетекшілерімен бірлесе анықталды. Жетім және әлеуметтік жағдайы төмен оқушылар тегіс тегін оқулықпен қамтамасыз етілді. Мектеп әкімшілігімен және сынып жетекшілерімен бірлесе ата-аналарды қатыстыра отырып, ҚР «Баланың құқығы туралы» Заңы мен БҰҰ «Баланың құқықтары туралы» халықаралық конвенцияны және «Неке және Отбасы туралы» Заңы талқыланды.

Тәрбие саласы бойынша да «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін жүзеге асырудың іс-шараларының жылдық жоспары жасалған. Жоспар мазмұнына сәйкес тәрбиенің 8 бағыты бойынша жұмыстар жүргізілуде. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ҚІІБ-мен бірлескен жоспар жасалған. Бүгінгі таңда мектепішілік және қалалық ішкі істер бөліміне есепке алынған «қиын бала» жоқ. «Мобилдік топ» жоспарға сәйкес, кесте бойынша жұмыс жасауда. Ата-ана мен сынып жетекшілері арасында байланыс бар.

Қала, облыс көлемінде өткізіліп жатқан зияткерлік сайыстар мен конкурстарға, шығармашылық байқауларға, қашықтық сайыстарға оқушыларымыз қатысып, I, II, III дәрежелі дипломдар мен жүлделі орындарға ие болды.

2021-2022 оқу жылының II жарты жылдығында да оқу-тәрбие, әлеуметтік салада да жоспарланған жұмыстарды мектеп ұжымы және қамқоршылық кеңесі мүшелелерімен бірлесе отырып, оң нәтижеге жеткіземіз деп сенім білдіреміз.

**Жарыс сөз:**

Зейнеткер Б. Омарбеков сөз алып, мектебімізде білім, тәрбие саласы бойынша көрсеткіштер жақсы деңгейде екендігін, өнер, спорт, білім сайыстарынан оқушылар жетістіктерін қанағаттанатынын, осылардың

Scanned by TapScanner

барлығы ұстаздар мен мектеп басшысының ықпалымен болып жатқандығын айтты. Ата-аналар кеңесінің төрағасы С. Жұмаханов та сөз кезегін алып, ата-аналар тарапынан атқарылып жатқан біршама жұмыстарды атай келіп, ұжымға, ұжым басшысына шығармашылық табыс тіледі. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ө. Есіркепов мектеп директоры С. Шокамановтың есебін тыңдай келе, мектеп ұжымының, мектеп басшысының жұмысына қанағаттанатынын, «оң баға» беретінін айтты.

**Қаулы етеді:**

1. Баяндамашы мектеп директоры С. Шокамановтың 2021-2022 оқу жылы I жарты жылдығында білім беру ұйымының қызметі, білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуы туралы есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Білім беру ұйымында өтілетін қайырымдылық іс-шараларға демеушілер тарту және қайырымдылық көмектер ұйымдастыру және үйлестіру жұмыстарын жүргізу әлеуметтік педагог Н. Ниязбековке жауапкершілікпен жүктелсін.
3. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің мектепте өткізілген түрлі іс-шараларға тартылуы, белсенді түрде атсалысуы қадағалансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Ө. Есіркепов

Хатшы: М. Суннатиллаева

Scanned by TapScanner

«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебі бойынша

Қамқоршылық кеңестің отырысы

**Хаттама № 4**

**Өткізілген уақыты:** 20.03. 2022 жыл

**Қатысқандар:** мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, қамқоршылық кеңесі төрағасы, хатшысы, мүшелері, ата-аналар комитеті, мүшелері

**Мәжіліс төрағасы:** Ө. Есіркепов

**Мәжіліс хатшысы:** М. Суннатиллаева

**Күн тәртібі:**

1. «Қамқорлық» акциялары барысында әлеуметтік көмектің көрсетілуі туралы есеп тыңдау. Н. Ниязбеков
2. Қиын топқа жататын оқушылардың сабаққа қатысу деңгейіне сараптама қорытындысы А. Жаңылбекова

**Тыңдалды:**

Жиналыста қамқоршылық кеңес төрағасы Ө. Есіркепов ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті. Кезекті әлеуметтік педагог - Н. Ниязбековтің баяндамасына берді. Н. Ниязбеков 2021-2022 оқу жылының II жарты жылдығында қаңтар айында көмекке мұқтаж отбасы балаларына мектеп ұжымының қатысуымен «Қайырымдылық» акциясы өткізілгенін, барысында қамқоршылық кеңес келісімімен 7 оқушыға демеушілер тарапынан оқу құралдары мен киім – кешек алып беру үшін көмек көрсетілгенін баяндады.

Мектеп педагог-психологы А. Жаңылбекова да күн тәртібіндегі мәселе қалалық, мектепішілік есепке қиын топқа жататын оқушылардың алынбағанын, бірақ біршама тәртіп бұзатын кейбір оқушылардың үнемі назарда болатынын, оқушылармен психологиялық жұмыстар, сараптамалар жүргізілетіндігін айтып өтті.

Қамқоршы кеңестің төрағасы Ө. Есіркепов өз сөзінде «қиын оқушылардың пайда болу себептерінің ата-анаға байланысты жақтары» жөнінде өз ойын ортаға салды, қиын балалармен қандай жұмыс атқару керек және оларды дұрыс жолға қоюына ата-аналардың көп көмегі керегі екендігіне тоқталып өтті. .

**Қаулы:**

Scanned by TapScanner

1. «Қайырымдылық» акциясы барысында әлеуметтік көмектің көрсетілуі және сәтсіз отбасылар, қамқорға алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру туралы әлеуметтік педагог - Н. Ниязбековтің баяндамасына баяндамасы «қанағаттанарлық» деп танылсын
2. «Қиын» немесе «қиынға бейім» балалармен біріккен жұмыс жүргізу ДТІЖО Т. Үсеновке, педагог-психологы А. Жаңылбековаға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Ө. Есіркепов

Хатшы: М. Суннатиллаева

Scanned by TapScanner

«Қаражон шағын жинақталған жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша

**Хаттама № 5**

2022 жылы 12 мамыр айында «Қаражон» мектебінде қамқоршылық кеңесінің отырысы болып өтті.

**Қатысқандар:** мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, қамқоршылық кеңесі төрағасы, хатшысы, мүшелері, ата-аналар комитеті, мүшелері
**Мәжіліс төрағасы:** Ө. Есіркепов

**Мәжіліс хатшысы:** М. Суннатиллаева

**Күн тәртібінде:**

1.Оқу-материалдық базасының сақталуы мен үнемі толтыруын қамтамасыз ету.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға көмек көрсету

3. 2021-2022 оқу жылының II жарты жылдығы бойынша білім беру ұйымының қызметі, білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуы туралы есебі.

Баяндамашы мектеп директоры: С. Шокаманов

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Ө. Есіркепов таныстырып өтті. Мектепке демеушілер тарапынан қаржы түсетіндей жағдай болса, оқу-материалдық базаны толықтыруға, қамтамасыз етуге жұмсайтындығын және метептегі оқу-материалдық базасының сақталуы «қанағаттанарлық» деңгейде екендігін айтып өтті. Сонымен бірге ораза айында көмекке мұқтаж жандарға көмек ұйымдастыру, демеушілер тарту мәселесінде қозғады.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Т. Төлбасиев сөз кезегін алып, алда балалардың жазғы демалысы келе жатқандығын, жазғы демалысын ұйымдастыруға көмек көрсету керектігін айта келіп, бірінші кезекте жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына толық, жартылай жеңілдіктермен жолдама алып беру мәселесін қозғады.

Scanned by TapScanner

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Үсенов қасиетті рамазан айында берілетін пітір садақаны мектеп ұжымы ерікті түрде қорға салса, жиналған қаржыға аз қамтамасыз етілген балаларға жеңілдікпен қала сыртындағы лагерьге жолдама беруді ұсынды.

Әлеуметтік педагог Н. Ниязбеков «Алпамыс» лагеріне 15 тегін жолдама берілгенін, ол жолдаманы қамқоршылық кеңес ұйымының келісімімен беру керектігін айтты. Кеңес келісімімен тізім жасалатынын ескертіп өтті.

Мектеп директоры С. Шокаманов II жарты жылдықта атқарылған жұмыстардың есебін берді. Оқу – тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, жетістіктер мен кемшіліктерді айтып өтті. Жаңа оқу жылының жоспарымен де таныстырып өтті. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша түсіндірме жұмыстары мұғалімдер мен ата-аналар арасында жүргізілгенін айтты. Жаңартылған бағдарлама бойынша жұмыстар өз деңгейінде жүргізіліп бір жүйеге келтірілгені жайлы және жүргізілген жұмыстар бойынша жеткен жетістіктер мен тоқсандық қорытындылар слайдтар арқылы көрсетіліп кеңес мүшелеріне түсіндіріліп өтті.

**Қаулы етеді:**

1. Мектептің оқу-материалдық базасын нығайту мақсатында қажетті материалдарға сұраныс берілсін және сақталуы мен қамтамасыз ету жүйелі жолға қойылсын.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Үсенов, ал демеушілер табу , мұқтаж отбасыларға көмек ұйымдастыру жұмыстары әлеуметтік педагог Н. Ниязбековке жүктелсін
3. Баяндамашы мектеп директоры С. Шокамановтың 2021-2022 оқу жылы I I жарты жылдығында білім беру ұйымының қызметі, білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуы туралы есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Ө. Есіркепов

Хатшы: М. Суннатиллаева

Scanned by TapScanner

**Түркістан облысы Сауран ауданы Қамқоршылық кеңесінің**

**Хаттама № 6**

**02.06.2022 жыл**

***Жиналысқа қатысқандар саны 9 адам***

«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебі КММ-сі

1. Ө.Есіркепов - Қамқоршылық кеңес төрағасы
2. М.Суннатиллаева - хатшы
3. Б.Омарбеков - мүшесі
4. С.Жұмаханов - мүшесі
5. Т.Ниязбеков – мүшесі
6. С.Елеуов - мүшесі
7. Н.Төлбасиева - мүшесі
8. А.Абылбеков - мүшесі
9. Т.Төлбасиев - мүшесі
10. Н.Жұманов - мүшесі

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. «Жалпыға міндетті білім беру қоры» есебінен жазғы сауықтыру лагеріне баратын оқушыларды анықтау.

Бірінші кезекте сөз алған төраға Ө.Есіркепов жалпыға міндетті білім беру қоры есебінен жазғы сауықтыру лагеріне атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған, жетім және жартылай жетім оқушылар көп балалы отбасына балаларына баруға болатынын айтып өтті. Мүше Б.Омарбеков осы айтылғандарды мақұлдады. Ата-аналар өтініштері негізінде аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан төмендегі сынып оқушыларын (15 оқушы) 2021-2022 оқу жылында Түркістан облысы Төлеби ауданындағы «Эдельвейс» жазғы сауықтыру лагеріне және 6-сынып оқушысы Ерқасым Бақнұрды Көкшетау қаласындағы Бурабай «Балдәурен» оқу сауықтыру лагеріне тегін жолдамамен жіберу ұсынылды:

| № | Мектеп атауы | Оқушының аты-жөні | Сыныбы | Әлеуметтік жағдайы |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Каражон шжжом | Мирсағат Қанат Марат | 6 | Көпбалалы, АСП+ |
| 2. | Каражон шжжом | Төрехан Назерке | 6 | Көпбалалы, АСП+ |
| 3. | Каражон шжжом | Ораз Ердос | 6 | Көпбалалы, АСП |
| 4. | Каражон шжжом | Ерқасым Мансұр | 9 | Көпбалалы+ |
| 5. | Каражон шжжом | Мұсахан Жұбаныш | 6 | Көпбалалы+ |

Scanned by TapScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6. | Каражон шжжом | Беркімбай Перизат | 5 | Көпбалалы+ |
| 7. | Каражон шжжом | Әділхан Нұртілеу | 5 | Көпбалалы+ |
| 8. | Каражон шжжом | Сейдін Нұриддин | 5 | Көпбалалы+ |
| 9. | Каражон шжжом | Нұрғали Нұрсая | 7 | Көпбалалы+ |
| 10. | Каражон шжжом | Маханбетәлі Ақжан | 7 | Көпбалалы+ |
| 11. | Каражон шжжом | Хабибулла Гүлім | 7 | Көпбалалы+ |
| 12. | Каражон шжжом | Бекмурза Сәруар | 4 | Аз қамтылған |
| 13. | Каражон шжжом | Төрехан Албина | 4 | Көпбалалы АСП |
| 14. | Каражон шжжом | Ахмет Думан | 7 | Көпбалалы+ |
| 15. | Каражон шжжом | Серікбай Әлия | 7 | Көпбалалы+ |
| 16. | Каражон шжжом | Ерқасым Бақнұр | 6 | Көпбалалы+ |

Барлығы осы ұсынысты бір ауыздан қабылдады, қарсы қалыс жоқ.

**Шешім**:

1. Жалпыға міндетті білім беру қоры есебінен аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан төмендегі сынып оқушыларын 2021-2022 оқу жылында тегін жолдамамен Түркістан облысы Төлеби ауданындағы «Эдельвейс» жазғы сауықтыру лагеріне 15 оқушы және Көкшетау қаласындағы Бурабай «Балдәурен» оқу сауықтыру лагеріне 1 оқушы тегін жолдамамен жіберілсін.

Төраға: Ө.Есіркепов

Мүшелері: Б.Омарбеков

С.Жұмаханов

Т.Ниязбеков

С.Елеуов

Н.Төлбасиева

А.Абылбеков

Т.Төлбасиев

Н.Жұманов

Хатшы: Сунпатилаева

Scanned by TapScanner